

"Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 410 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 182/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 мамырда № 32517 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 410 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16064 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштері осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шараларының орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика

министрлігі

2023 жылғы 18 мамырдағы
№ 182/НҚ бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2017 жылғы 22 қарашадағы
№ 410 бұйрығымен
бекітілген

Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштері

№	Ұялы байланыс қызметтерінің сапа көрсеткішінің атауы	Көрсеткіштің мәні
Дауыс байланысы қызметтерінің сапа көрсеткіштері		
1	Ұялы байланыс желісінің абонентімен қосылуды орнату кезінде шақырулардың жалпы санынан сәтсіз шақырулардың үлесі	3%
2	Тіркелген телефон байланысы желісінің абонентімен қосылуды орнату кезінде шақырулардың жалпы санынан сәтсіз шақырулардың үлесі	2.5%
3	Абоненттің бастамасынсыз орнатылған қосылулардың	3%

	ажырауымен аяқталған шақырулардың үлесі	
4	Сөздерді беру сапасы бойынша нормативтерді қанағаттандырмайтын шақырулардың үлесі (MOS POLQA < 2,8)	8%
5	Ұялы байланыс желісінде сол өңірдегі ұялы байланыс желісімен телефон қосылуын орнатуды аяқтаудың орташа уақыты	8 сек
Жылжымалы байланыс желілері арқылы Интернетке қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштері		
1	Н Т Т Р серверінен деректерді жүктеудің сәтті сессияларының үлесі	95% ⁱ
2	"Төмен" бағыты бойынша FTP серверінен деректерді жүктеудің сәтті сессияларының үлесі	95% ¹
3	Н Т Т Р WEB-парақшасын жүктеу сессияларының сәтті әрекеттерінің үлесі	95% ⁱⁱ
	FTP серверінен	

4	деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіш мәндерінің үлесі "төмен" желісі бойынша 2 Мбит/с кем (лицензиялық міндеттемелерге сәйкес Д0, Д1, Д2, Д3 классы үшін) iii	10%
5	F T P серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіш мәндерінің үлесі 3G технологиясындағы "төмен" желісі бойынша 1 Мбит/с кем (С1С, О1С классы үшін)	10%
6	F T P серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіш мәндерінің үлесі 4G технологиясындағы "төмен" желісі бойынша 5 Мбит/с кем (С1С, О1С классы үшін)	10%

Байланысты қамтудың сапа көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Елді мекеннің тип			
		1	2	3	4

1	RSSI Received Signal Strength Indicator) - 2G технологиясындағы сигнал деңгейінің көрсеткіші, dBm.	Бастапқы мәні	≤-75	≤-85	≤-95	≤-95
		Рұқсат етілген пайыз, %	5	10	10	10
2	CPICH RSCP – 3 G технологиясындағы сканерлеуші қабылдағышының кіруінде қабылданатын пайдалы сигналдың деңгейі, dBm.	Бастапқы мәні	≤ -80	≤-90	≤-105	≤-105
		Рұқсат етілген пайыз, %	10	10	10	10
3	Ec/Io – 3G технологиясындағы шуға пайдалы сигналдың қатысы, dB	Бастапқы мәні	<15	<15	<15	<15
		Рұқсат етілген пайыз, %	10	10	15	15
4	RSRP-4G технологиясындағы сканерлеуші қабылдағышының кіруіндегі қабылданған тірек сигналдар күшінің орташа мәні, dBm	Бастапқы мәні	≤ -100	≤ -105	Нормаланбайды	Нормаланбайды
		Рұқсат етілген пайыз, %	5	10	15	Нормаланбайды

Тіркелген байланыс желілері арқылы интернетке қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштері

Қосылу түрі	Байланыс арнасының өткізу қабілеті, Мбит/с	IP-пакеттердің кідіру уақыты, артық емес	IP-пакеттердің кідіру вариациясы, артық емес	IP пакеттерін жоғалту, артық емес
Т О Б Ж бойынша ұйымдастырылған байланыс арналары				

<p>бойынша деректерді өлшеу объектісі мен оператордың деректерді беру желісінде орналасқан тест сервері/ бақылаудың аппараттық құралы арасында беру кезінде</p>	<p>тарифтік жоспарда, шартта белгіленген мәннен кемінде 80%</p>	<p>20 мс</p>	<p>10 мс</p>	<p>0,20%</p>
<p>Оператордың деректерді беру желісінде орналасқан деректерді ГОБЖ+ өрілген жұп, РРЖ+өрілген жұп өлшеу объектісі мен тест сервері/ бақылаудың аппараттық құралы арасындағы байланыстың құрамдас арналары бойынша беру кезінде</p>		<p>150 мс</p>	<p>50 мс</p>	<p>0,30%</p>
<p>Оператордың деректерді беру желісінде орналасқан өлшеу объектісі мен тест сервері/ бақылаудың аппараттық құралы арасындағы бір жерсеріктік учаскемен байланыстың құрамдас арналары</p>		<p>800 мс</p>		<p>0,50%</p>

бойынша деректерді беру кезінде		100 мс	
---------------------------------------	--	--------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК